

31 Қаңтар
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

КӨПТОҒАЙДАҒЫ «ДОСЫМ» МАРКЕТІ ӨРКЕНУЕТКЕ ҰМТЫЛЫСТЫҢ ҮЛГІСІ

ЖУЫРДА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ОРТАЛЫҒЫНДА «ДОСЫМ» АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІ САЛТАНАТТЫ АШЫЛДЫ. ЖАҢА ДҮКЕННІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП, ҚУАНЫШТЫ СӨТКЕ ЖИНАЛҒАН ЕЛ АЛДЫНДА КӨПШІЛІКТІ ЖАҢА ДҮКЕННІҢ АШЫЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.



Ауыл ақсақалдары, ауыл тұрғындары осындай сауда орындары көптеп салынса деген тілектерін жеткізе, апаларымыз салт-дәстүрге сай шашу шашты. Ауыл ағалары дүкеннің лента кию рәсімін өткізген соң, жиналған жұрт дүкен ішінде керекті заттарын сатып алып жатты. Бағаның төмен екендігін өз көзімен көрген ақсақалдар ойла-

рын ортаға салып, ыстық лебіздерімен бөлісті. Ауыл қарияларының ойынша, дәл осындай дүкендер зейнеткерлер мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға үлкен көмек болатындығын жеткізіп, тұрғындарды арзан әрі сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған кәсіпкер Әлібек Өмірғалиевқа алғыстарын білдірді.

Дүкеннің сыртқы сәулеті көз тартады. Дүкен іші заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Жаңа заман талабына сай ашылған дүкенде азық-түлікпен қоса тұрмысқа қажетті заттардың барлығы дерлік сөрелерде толып тұр. Сонымен қатар жаңа ашылған маркет ішінде шашта-раз бөлмесі бар.

«Досым» атты азық-түлік дүкенінің иесі жеке кәсіпкер «Досым» шаруа қожалығының басшысы Әлібек Өмірғалиев. «Досым» шаруа қожалығы 2000 жылдан бері мал шаруашылығымен айналысып келеді. Жыл сайын мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, мал басын көбейтуде. Ауданның экономикалық-әлеуметтік дамуына айрықша үлес қосуда.

ҰЛТ САУАЛЫҒЫН КӨЗДЕЙТІН БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС КӨП

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНДА ӨТКЕН МӘЖІЛІСТЕ «ДЕНІ САУ ҰЛТ» - ӨРБІР АЗАМАТ ҮШІН САПАЛЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ. ОСЫ ЖОБА АЯСЫНДА 2022 ЖЫЛДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ БАС ДӘРІГЕР СӨНДІБЕК НҰРБАЕВ БАЯНДАП, АЛҒА ТҰРҒАН МІНДЕТТЕРГЕ ТОҚТАЛДЫ. ЖИЫҒА ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ БЕКБОЛАТ ИЗБАСАРОВ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ САНИТАРЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ҒАРИФOLЛА ҚҰБАЕВ ҚАТЫСТЫ.



Бас дәрігер былтырғы атқарылған жұмыстарды жалпы статистикалық көрсеткіштермен баяндады. Сондай-ақ, аудандағы денсаулық сақтау саласындағы кадр тапшылығы және де ана мен бала денсаулығын қорғау, ана мен бала өлімін болдырмау мақсатында жасалған жұмыстарға баса назар аударып, онкологиялық, жүрек-қан тамырлар ауруларын, туберкулез бойынша

аурушандықты азайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, тұрғындар арасында суицидтің алдын алу, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыстарды одан әрі жандандыру бойынша нақты міндеттерге тоқталды. Баяндамадан соң сөз алған облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының орынбасары Бекболат Избасаров аурухананың атқа-

рылған жұмыстарына оң бағасын беріп, проблемаларды да көтеріп, оны шешу жөнінде ұсыныстарын айтты. Жиынның қорытындысында алдағы уақытта жүйелі жұмыстарды ұйымдастырып, әр мамандарға нақты тапсырмаларды міндеттеді. Медицина қызметкерлері тарапынан сауалдар қойылып, тиісті жауаптар берілді.

АУЫЛДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ - КӘСІП АШУ



Өткен аптада аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы кезекті іссапарын Саралжын ауылдық округінде жалғастырды. Ауыл тұрғындарымен кездескен аудан басшысы кездесу жиынында халықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттеріне кеңінен тоқталды. «Абаттандырылған ауыл» бағдарламасы арқылы биыл Саралжынды көркейтуге күш салынабақ. Ақкөмерліктердің негізгі тілегі тас жолға дейінгі 13 шақырым көтерме жолдың жайы. Бұл тілекте алдағы уақытта шешілгені тұр. Ақкөмер тұрғындары салынатын жолдың сапасына мән беру қажет деген пікіріне, аудан әкімі үкіметтің немесе аудандық, облыстық, республикалық бюджеттен бөлі-

нетін қаржы арқылы жүзеге асырылатын межелі істерде ешқандай да жемқорлық болмайды, оны арнайы комиссия тексеріп, мердігерлердің де жұмыс сапасы үнемі қадағалауда болатынын ашып айтты. Сондай-ақ, аудан басшысы ауылдағы жастарға жеке тұрғын үй салу ісін дамыту қажеттігін айтты. Әкімге кездесу барысында тұрғындар тарапынан жол қатынасы, жолаушылар тасымалына байланысты, электр қуатының ауылдың кейбір бөлігінде төмендігі туралы сауалдар қойылды. Саралжындықтар бас дәрігердің қызметін сынға алып, ауылға жедел жәрдем көлігі керектігін жеткізді. Сонымен қатар, тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға

аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жиналысқа арнайы келген мекеме басшыларын қатыстыра отырып жауап берді. Сұрақ-жауап барысында тиісті бөлім, мекеме басшылары мен ауылдық округ әкіміне нақты тапсырмалар берілді. Барлық ауылдағы кездесуде де тұрғындарға «Ауыл аманаты» жобасы түсіндірілді. Жаңа жобаға Саралжын ауылдық округінен қызығушылық танытқандар көп. Тіпті 2,5 пайызбен несие алып үлгергендер де бар. Жиыннан кейін аудан әкімі ауылдағы әлеуметтік нысандарды аралап, жай-күйімен танысты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Шиддық-Саралжын-Ақкөмер-Бестамақ-Ойыл

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сайлауға қатысуыңыздың кепілі
Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз
болып табылады

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің
аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты
тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар
(әкімдіктер) жасайды

Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге
олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге
берген өтінішінің негізінде енгізіледі

Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша
сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат

дауыс беру күніне
отыз күн қалғанда, немесе
2023 жылғы 17 ақпаннан
КЕШІКТІРМЕЙ

тиісті әкімдікке
өтініш беріп, өзінің нақты
орналасқан жері бойынша
сайлау учаскесінде
тіркелуге құқылы

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген
жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды
және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне
енгізуді ұйымдастырады

ОСЫ ҚҰҚЫҚТЫ:

1

дауыс беру күні тіркелген жері бойынша
болмайтынын білетін азаматтар

2

басқа қаладан келген, арнаулы орта
және жоғары оқу орындарында оқитын,
жатақханалардан тыс тұратын студенттер

3

вахталық әдіспен жұмыс істейтін
азаматтар пайдалана алады

Азамат, біртұтас жалпыұлттық сайлау округін, сондай-ақ
бірмандаттық аумақтық сайлау округтерін ескере отырып,
сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕ ТІРКЕЛГЕН ЖЕРІҢІЗ БОЙЫНША
ЕНГІЗІЛГЕННІҢІЗДІ ТИІСТІ ӘКІМДІКТІҢ САЙТЫ
НЕМЕСЕ САЛ-ОРТАЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ
ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

2023 жылғы 4 наурыздан
бастап

Сізге өз учаскеніңізді сайлаушылар
тізіміндегі деректеріңізді тексеру
мүмкіндігі берілетін болады

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕТЕ АСАДЫ?

Балалар – еліміздің болашағы. Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарлама іске қосылатынын айтқан болатын. Осы ретте жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ын балалардың жеке шотына аударып отыруды ұсынды. Ауқымды жоба 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылмақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтырғы Жолдауындағы ең маңызды бастамасының бірі – «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы болды. Бағдарлама аясында Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударылады. Қаржы өр балаға 18 жасқа толғанша аударылатын болады. Ол жинақты мерзімінен бұрын есепшоттан шешіп алуға рұқсат етілмейді. Жинақталған қаржыны баспана сатып алуға немесе білім алуға жұмсауға мүмкіндік бар. Президенттің сөзінше, бұл жоба арқылы Ұлттық қор шын мәнінде ұлттық мәртебесіне сай болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Осыны жан-жақты қарастыра отырып, жобаны 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосуды тапсырды.

12 желтоқсанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы бір жылдан кейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысын балалардың есепшотына аудару басталатынын еске салып, Қазақстан Ұлттық қорының табысы басқа елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банкке Үкіметпен бірлесіп, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ұлттық қорды басқаруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырды.

«Қазір бұл мәселеде олқылықтар бар. Ұлттық қордың кіріс көлемі соңғы 10 жылда жылдық көрсеткісі 1,6%-ды құрады, ал ұқсас Сингапур қорының табысы – 6,4%-ды, Норвегиялық қордың кірісі – 7,5%-ды құрайды. Демек, біздегі қорды басқару міндетін атқаратын органның жұмысы айтарлықтай тиімді деп айтуға болмайды. Ұлттық банкке Үкіметпен бірлесіп, Ұлттық қорды басқару ісін жетілдіру туралы ұсыныс енгізуді тапсырамын. Онда мен айтып өткен кемшіліктер түгел ескерілуге тиіс. Естеріңізге саламын, алдағы 7 жылда Ұлттық қордың активтері 100 миллиард долларға жетуге тиіс. Сондықтан ақшаны азырақ жұмсап, көбірек табыс табу керек», - деді Мемлекет басшысы.

Әлем елдерінде балалар қорына қанша қаражат құйылады? Біріккен Араб Әмірліктері азаматтарының отбасында дүниеге келген адам ғана Араб Әмірліктерінің азаматы бола алады. Бұл елдегі жалпы тұрғындар санының 20%-ын ғана құрайды. Сәйкесінше, оларға ерекше қаржылық артықшылықтар беріледі. Мәселен, үйлену тойына дейін жастар БАӘ неке қорынан пайызсыз несие ала алады. Шамамен әрқайсысына 20 мың доллар. Ал оны өтеу міндетті емес. Себебі отбасында бала дүниеге келген кезде несие автоматты түрде жабылады. Сондай-ақ мұнай мен газдан түсетін кірістерді пайдалана отырып, мемлекет жаңа туған нәрестенің болашағын қамтамасыз ету үшін депозиттік шот ашады. Әр баланың шотында 18 жасқа толғанға дейін шамамен 100 мың доллар жиналады. Алайда ел азаматтарының 15%-ы бала туғанда берілетін несие, жәрдемақы және депозиттерді пайдаланбайды. Бұл өз кірістерінің жеткілікті болуымен түсіндіріледі. Кувейтте де дүниеге келген әрбір нәрестенің атына автоматты түрде банкте шот ашылады. Оны пайдалануға есепшот иесі ғана құқылы. Шот ашылғанда

мемлекет тарапынан салынатын алғашқы сома 3 мың АҚШ долларына тең. Әрі қарай жыл сайын өсіп отырады. Сонымен қатар ата-аналар да шотты толықтырып отыра алады. Ирландия балаларға депозит түрінде ақша төлейді. Мұнда мемлекет әр бала үшін 2 500 доллар бөледі. Баланың ата-анасы ақшаны үшке бөліп алады. Алғашқы аз бөлігі нәресте туған кезде беріледі. Ал екінші бөлігін бүлдіршін төрт жасқа толғанда ала алады. Қалғанын бала 12 жасқа толғанға дейін алуы керек. Мұның сыртында бала жеті жасқа толғанша ай сайын 150 доллар жәрдемақы төленеді. Сингапурда да әрбір сәбиге дүниеге келген сәтте банктен шот ашылады. Оған мемлекет 3 мың сингапурлық доллар (шамамен 2 мың АҚШ доллары) қаржы салады. Ал отбасындағы келесі балаларға бұл ақша 6 жастан бастап төленеді. Аустралияда әрбір жаңа туған нәрестеге 4 мың аустралиялық доллар сыйақы беріледі (бұл 3 мың АҚШ долларынан сәл асады). Алғашқыда бұл осы соманың тек 30%-ын ала алуға болады. Ал қалған бөлігін одан кейінгі екі жыл ішінде алуға мүмкіндік бар. Бірақ айта кету керек, сыйақы ата-аналар балаға қажетті барлық екепіні алса ғана беріледі. Қазақстанда Ұлттық қордан аударылатын ақшаны кім қадағалайды? Енді мұндай мүмкіндікке қазақстандық балалар да ие болып отыр. Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрінің бірінші орынбасары Тимур Жақсылықов Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық қордан бала шотына аударылатын ақшаның бірыңғай операторы болып белгіленгенін атап өтті. Жинақталған қаражат көмелетке толған кезде ғана пайдалануға қолжетімді болады. Сонымен қатар биыл жобаны іске қосу үшін қажетті заңнамалық өзгерістер қабылдау жоспарланып жатыр.

«Ұлттық қор – балалар үшін» бастамасын 2024 жылдан бастап іске қосу тәсілдері әзірленуде. Шот операторы ретінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» анықталды», - деді Тимур Жақсылықов. Осы тұста, «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына түскен «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын іске асыруға қатысты сауал жіберді. Оған жауапта бастама 2024 жылы іске қосылатынын және нақты тетіктер тек пысықталу деңгейінде екені хабарланды. «БЖЗҚ арнайы жинақтаушы шоттардың операторы болады деп жоспарлануда. Өйткені бүгінде ол – жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша шоттарды ашу және есепке алуды жүргізуге қажетті техникалық және кәсіптік мүмкіндіктері бар бірыңғай инфраструктуралық есепке алу орталығы. Бағдарламаның 2024 жылдан басталатынын ескерсек, 2023 жылы Бағдарламаны іске қосудың барлық тетігі егжей-тегжейлі талқыланады. Оның ішінде төлем тәртібін қоса алғанда, еліміздің заңнамасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады»,-деді БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Егеубаева.

«Ұлттық қор – балаларға» жобасы - маңызды әлеуметтік бастама» Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы Арман Байғанов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлттық қор – балаларға» жобасы маңызды әлеуметтік бастама деп санайды. Оның айтуынша, бүгінде мемлекет адами капиталды дамытуға және қазақстандықтардың әлеуметтік қорғалуына жағдай жасауға бағытталған бірқатар жүйелі шараны іске асырып жатыр. Са-

рапшының пайымынша, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы 5 маусымда өткен республикалық референдумда қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдаған Конституциялық реформа аясында қарастырылуы керек. «Біз білетіндей, Конституцияға жер мен оның жер қойнауы халыққа тиесілі екендігі туралы норма енгізілді және оны іске асыру мақсатында осы бағдарламаға бастамашылық жасалды. Екіншіден, бастама әлеуметтік-экономикалық саясаттағы әділеттіліктің практикалық көрінісі ретінде қызмет етеді. Ең бастысы, қазақстандықтар елдің ұлттық байлығының игілігін тікелей сезіне алады», - деді сарапшы Арман Байғанов.

Сонымен қатар сарапшы мұны іске асырмастан бұрын егжей-тегжейлі зерттеу қажет екенін атап өтті. «Мәселен, Таяу Шығыс елдерінде балаларға қаржылық қолдау қауіпсіздігі қарастырылған. Бастаманы іске асыру тетігі техникалық жағынан күрделі емес. Бірақ алдымен қаржылық мониторинг, жергілікті есеп жүргізу қажет. Инвестициялық табыс Қордың бір жылдағы белсенділігіне байланысты болады. Бастама өте жақсы деп ойлаймын. Бұл тіпті 200 мың теңге болса да жақсы көмек. Менің ойымша, ақша депозиттік шоттардағыдай жиналады», - деді ол. Экономистің айтуынша, Ұлттық қордың инвестициялық табысына халық шын мәнінде қызығушылық таныта бастайды. Бұл Қордың тиімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

«Президент Ұлттық қордың табысы тиімділігінің төмен екенін және одан аз ақша жұмсау қажеттігі туралы айтты. Бізде негізінен барлық инвестициялық табыс жергілікті экономикаға бағытталады. Сондықтан басқа елдерге инвестиция салу керек, бұл тиімдірек болады», - деді Арман Байғанов. Сарапшының мәліметінше, Қазақстан Ұлттық Банкінің ақпары бойынша, осы жылдың шілде айының қорытындысына сәйкес, Ұлттық қордың валюталық активтерінің көлемі 53 млрд долларды құраған. Сонымен қатар Президенттің алдағы 7 жылға арналған сайлауалды бағдарламасында белгіленген Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард долларға дейін ұлғайту, қорды сапалы басқаруды қамтамасыз ету, оның сақталуы және лайықты инвестициялық табыс көзделіп отырғанын жеткізді.

Жалпы экономистердің басым бөлігі Ұлттық қордың инвестициялық кірісі жыл сайын қандай болатынын нақты айту қиын екендігін жеткізді. Оған валюта бағамы, мұнай бағасы, акциялар құны және басқа көрсеткіштер себеп болады. Мәселен, Ұлттық Банктің дерегі бойынша, 2021 жылы инвестициялық табыс 4,2 млрд доллардан асты. 2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша, 17 жасқа дейінгі балалар саны 6 325 950 адамды құраған. Ұлттық Банк пен Үкіметтің есептеулері бойынша, балалар 18 жасқа толғанда жеке шотына шамамен 3 мың доллар жинақталатын болады.

Қорытындылай келе, болашақ ұрпаққа қалдыратын қаражат Ұлттық қордың меншігінде. Оның адам капиталына қызмет ету керек екенін қоғам талай мәрте көтерген болатын. Президент бастамасы соның нақты қадамы екенін атап өту керек. Алдағы кезеңдегі маңызды міндет – стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларды, сондай-ақ адами капиталды дамытуға бағытталған жобаларды іске асыруға баса назар аудара отырып, Ұлттық қор қаражатын ұтымды және тиімді пайдалану болмақ.

Венера ЖОЛАМАНҚЫЗЫ
«Қазақпарат»

2023 ЖЫЛЫ МӘМС ЕСЕБІНЕН СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стоматологиялық қызмет көрсету үшін стоматологиялық клиникалармен тікелей келісімшарттар жасай бастады. Бұрын шарт емханалар арқылы жасалып келді. Бұл пациенттерге әсер ете ме, Қормен жұмыс жасайтын клиникаларды қалай табуға болады, тісті емдеуге жолдама керек пе – осы және өзге де өзекті сұрақтарға Ақтөбе облыстық филиалының «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» директоры Алтай Уразбағамбетовжауап берді.

-Биыл МӘМС есебінен стоматологиялық қызмет көрсету бойынша не өзгерді?

Стоматологиялық көмек көрсету процесінде еш өзгеріс жоқ, пациенттер бұрынғыдай медициналық көмек алады. Тек келісімшартқа отыру әдісі яғни шарт жасасу жағы өзгерді. Бұған дейін стоматологиялық клиникалар өзара шартқа отыру арқылы қосалқы мердігер ретінде медициналық қызмет көрсетсе, 1 қаңтардан бастап Қор көрсетілген қызметтер көлемін бақылап, сапасына мониторинг жасау үшін тікелей осы клиникалармен шартқа отырды. Демек енді стоматологиялық клиникалар өздерінің қанша қызмет көрсеткенін және Қормен келісімшарт бойынша қанша қызмет көрсететінін өз бетінше қадағалап отыру керек. Бұрын бұнымен артылған жүктемеге қарамастан пациенттің тіркелген емханасы айналысып келді. Салдарынан пациент альянғам медициналық қызметті алды деп жазатын жағдайлар кездеседі. Қор сарапшылық бұны мониторинг жасаған кезде медициналық құжаттардан анықтады. Қазір стоматологиялық көмекті кімдер ала алады?

МӘМС жүйесіндегі немесе ТМҚК шеңберіндегі стоматологиялық қызметтер барлығынаемес, халықтың жекелеген әлеуметтік осал санаттарына ғана қолжетімді. Мысалы, жоспарлы стоматологиялық көмекті тек балалар мен жүкті әйелдер ғана алады. Қатты ауырсуын кезінде азаматтардың 10 санаты, оның ішінде балалар мен жүкті әйелдер, зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар және оларға күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар, оның ішінде мү-

гедектігі бар немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар балалар, әлеуметтік маңызы бар және жұқпалы аурулары бар пациенттер, көп балалы аналар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар шұғыл көмек ала алады.

-Стоматологиялық қызметтерді алу кезінде белгілі бір медициналық ұйымға тіркелу маңызды ма және стоматологиялық клиникалар "өз" емханаларына тіркелуді талап ете ала ма? Жок, талап ете алмайды. Қазір біз әлеуметтік желілерде стоматологиялық клиникалардың хабарламаларын көріп отырмыз. Олардың айтуынша,Қор қаржыландыруды қысқартып, қызметтер шектеулі мөлшерде немесе стоматологиялық клиникада тек белгілі бір емханаға тіркелген азаматтардың санатына ғана көрсетілетін болады. Өйтпесе ақылы негізде көмек алу ұсынылады.Бұл ақпарат шындыққа жанаспайтынын айту керек. Бізге осы мәселе бойынша көптеген шағым келіп түсті. Қор оларды қарап,пациенттердің құқығын қорғау бойынша тиісті шаралар қабылдайды. Стоматологиялық қызметтерді алу үшін емханадан жолдама алу керек пе?

Емханадан жолдама керек емес. Ең бастысы, пациент МӘМС немесе ТМ-ККК аясында стоматологиялық көмек алушылардың санаттарының біріне кіруі керек және медициналық көрсеткіштері болуы тиіс.

-МӘМС есебінен стоматологиялық қызметтерді алу үшін сақтандыру мәртебесі қажет пе?

Егер медициналық қызмет МӘМС тізіміне кірсе, мысалы жоспарлы мед-көмек алу үшін сақтандыру мәртебесі міндетті түрде керек. Егер қызмет ТМ-ККК тізімінде болса, мысалы, қатты ауырсыну болса, онда мәртебе қажет емес және медициналық қызмет тігін көрсетіледі. Пациенттер барлық медициналық қызмет түрлерін тек медициналық көрсеткіштер бойынша ғана ала алады.

Сондай-ақ, жоспарлы стоматологиялық көмек алушылар балалар мен жүкті әйелдер екенін атап өткен жөн. Балалар-мемлекет жарна төлетін азаматтардың бірінші жеңілдік санаты. Сонымен бірге жұмыс істемейтін жүкті әйелдер де жеңілдік санатына

кіреді. -МӘМС есебінен қандай стоматологиялық қызметтерді алуға болады? Негізгі көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі ауқымды.Кәсіби тілмен айтқанда, стоматологиялық клиникалар амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық қызметтер мен манипуляциялар ұсынады.Мұнда пломбаалау, тісті жолу және жансыздандыру қызметтерін алуға болады.

Сондай-ақ МӘМС аясында жақ-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға амбулаториялық деңгей ортодонтиялық пластика орнатады.

Егер пациенттердің стационарлық жағдайда стоматологиялық көмек алуғакөрсеткіштері болса, онда ол ауруларды диагностикалау және емдеу хаттамаларына және Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес көрсетілетін болады(Ескерту: ҚР ДСМ 2016 жылғы 12 желтоқсандағы No 1053 бұйрығы).

-Стоматологиялық клиниканы өздігінен тандауға бола ма?

Иә, болады. Тек бұл клиника Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушісі болып табылатындығын анықтаған жөн.Жеткізушілердің тізімін fms.kz ресми сайтынан көруге болады немесе клиниканың өзінен сұрау керек.

-Қазір емханаларда стоматологиялық көмек қарастырылған ба және оған кім жүгіне алады?

Тиісті жабдықтары мен мамандары бар емханаларда стоматологиялық көмек алуға болады.Мұнда тек осы емханаға тіркелген азаматтар ғана емес, басқа жерде тіркелген азаматтар да көмек ала алады. Ол үшін тіркеу бөлімі арқылы қабылдауға жазылу керек.

-Егер пациентке МӘМС есебінен стоматологиялық қызмет көрсетуден бас тартса немесе толық көлемде медициналық көмек көрсетілмесе не істеу керек?

Бұл жағдайда сіз осы клиниканың пациенттерді қолдау қызметіне хабарласудың керек немесе Qoldau 24/7 мөлімбді қосымшасы немесе 1406 нөмірі арқылы Медициналық сақтандыру қорына хабарласуыңыз керек.

взносы за которых платит государство. Беременные женщины, если они не работающие, также входят в льготную категорию. -Какие стоматологические услуги можно получить за счет ОСМС? На самом деле перечень очень большой. Если говорить профессиональным языком, то стоматологические клиники предоставляют консультативно-диагностические услуги и манипуляции на амбулаторном уровне. Тут можно получить пломбирование, удаление, обезболивание.

Также в ОСМС детям с врожденной патологией челюстно-лицевой области на амбулаторном уровне устанавливается ортодонтическая пластинка. Если у пациентов есть показания для получения стоматологической помощи в стационарных условиях, то она также будет оказана в соответствии с протоколами диагностики и лечения заболеваний и Стандартом организации оказания стоматологической помощи в Республике Казахстан (Примечание.приказ МЗРК No 1053 от 12 декабря 2016 года).

-Можно ли самостоятельно выбрать стоматологическую клинику?

Да, можно, только перед обращением обязательно нужно уточнить, является ли эта клиника поставщикомФонда социального медицинского страхования. Перечень поставщиков можно посмотреть на официальном сайте fms.kz или спросить в самой клинике.

-Предусмотрена ли сегодня стоматологическая помощь в поликлиниках, и кто туда может обращаться? В поликлиниках, где есть соответствующее оборудование и специалисты, также можно получить стоматологическую помощь. И здесь могут получить стомпомощь не только прикрепленные в эту поликлинику граждане, но и те, кто прикреплен в другом месте.Для этого нужно записаться на прием через регистратуру. -Что делать, если пациенту отказывают в стоматологических услугах за счет ОСМС или предоставляют помощь не в полном объеме?

В этом случае нужно обратиться в Службу поддержки пациентов данной клиники или обратиться в Фондмедстрахования через мобильное приложение Qoldau 24/7 или по короткому номеру 1406.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОЙЫЛ АУДАНЫ, САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ИЕСІЗ МҮЛІК РЕТІНДЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНҒАНБАҒАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІК ТІЗІМІН ХАБАРЛАЙМЫЗ. НЕЛЕРІ БОЛЫП, ЗАҢДЫ ҚҰЖАТҚАҒЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА: 35-2-20, 35-2-50 ТЕЛЕФОНДАРЫНА НЕМЕСЕ САРБИЕ АУЫЛЫ, ЖАСТАР КӨШЕСІ №16 МЕКЕН-ЖАЙЫ БОЙЫНША ХАБАРЛАСУЛАРЫНА БОЛАДЫ.

№	Атауы	Орналасқан жері, координаттары	Жалпы көлемі	Салынған жылы	Иесіз бос тұрған жылы	Қазіргі таңдағы техникалық жағдайы	Ескерту
1	Бөгет	Сарбие ауылдық округі, Қандыкөл бөгеті	4 га 49°19'31.06 №53°8'54.114E	1980 жыл	2022 жыл	Ағымдағы жөндеуді қажет етеді	Заңды құжаттары жоқ
2	Бөгет	Сарбие ауылдық округі, Қандыкөл бөгеті	5 га 49°18'00.8 77N53°8'55.037E	1980 жыл	2022 жыл	Ағымдағы жөндеуді қажет етеді	Заңды құжаттары жоқ
2	Бөгет	Сарбие ауылдық округі, Бақтарал бөгеті	4 га	1980 жыл	2022 жыл	Ағымдағы жөндеуді қажет етеді	Заңды құжаттары жоқ

Сарбие ауылдық округінің өкімдігі

ШЕТЕЛДІК АВТОКӨЛІКТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН СЕРВИС EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOVMOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Жаңа сервис шетелдік нөмірлік белгілері бар көлік құралын заңдастыруға рұқсат алуға мүмкіндік береді. Электрондық үкімет порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында аталмыш сервис жеке тұлғалар үшін 2023 жылдың 23 қаңтарынан бастап 1 шілдеге дейін қолжетімді болады. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы №13 қаулысына сәйкес, қазақстандықтар Қазақстан Республикасына 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген автокөліктерді eGov.kz порталының «Автокөлікті заңдастыру үшін тексеру» атты жаңа сервисі арқылы заңдастыра алады. Жаңа сервис тек электрондық өтініш беруге арналған. Өтініш бойынша В (жеңіл автомобильдер) және D1 (микроавтобустар) санатындағы көлік құралдарының мынадай талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылады:

- көлік құралын 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелу;
- көлік құралына қылмыстық белгілердің болмауы;
- кедендік тазартудың болуы.

Жаңа сервисі Электрондық үкімет порталыныңбасты бетіндегі «Сервистер» бөлімінен және «Көлік және коммуникациялар» - «Автомобиль келігі» бөлімінен табуға болады. Сонымен қатар, осы сервис eGov Mobile мобильді қосымшасының «Жүргізу және көлік» бөлімінде қолжетімді. «ҰАТ» АҚ командасы ҚР ЦДИАӨМ және ҚР ІІМ-мен бірлесіп eGov.kz порталында электрондық өтініш беру үшін жаңа сервисі жүзеге асырды. Шетелдік автокөліктерді заңдастыру рәсімі екі кезеңде жүреді. Автокөлік иелері алдымен eGov.kz порталында өтініш беру қажет, содан кейін автокөлікті тексеру, көлік құралын тексеруден

СЕРВИС ПО ЛЕГАЛИЗАЦИИ ИНОСТРАННЫХ АВТО ДОСТУПЕН НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ И МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE

Новый сервис позволит получить одобрение на легализацию транспортного средства с иностранными номерными знаками. Сервис на портале Электронного правительства и мобильном приложении eGovMobile будет доступен для физических лиц с 23 января по 1 июля 2023 года.

Согласно постановлению Правительства РК от 11 января 2023 года №13, казахстанцам требуется легализовать иностранные автомобили, ввезенные в Республику Казахстан до 1 сентября 2022 года с помощью нового сервиса «Проверка автотранспорта для легализации» на портале eGov.kz. Новый сервис предназначен только для подачи электронного заявления. По заявлению будет осуществлена проверка транспортных средств с категорией В (легковые автомобили) и D1 (микроавтобусы) на соответствие следующим требованиям:

- ввоз транспортного средства до 1 сентября 2022 года;
- отсутствие криминальных признаков на транспортное средство;
- наличие таможенной очистки.

Новый сервис на портале Электронного правительства можно найти на главной странице в разделе «Сервисы» и в разделе «Транспорт и коммуникации» - «Автомобильный транспорт». Аналогичный сервис также доступен в мобильном приложении eGov Mobile в разделе «Вождение и транспорт».

«Команда АО «НИТ»совместно с МЦРИАП РК и МВД РКреализовала новый сервис для подачи электронного заявления на портале eGov.kz. Процедура легализациииностраннных авто будет проводиться в два этапа. Владелец авто необходимо сначала подать заявление на портале eGov.kz, после обратиться в СпецЦОН для проверкиавтомобиля, прохождения регистрации транспортного

өткізу, тіркеу алымын төлеу және мемлекеттік нөмірді алу үшін Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіну керек», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

EGov.kz порталында электрондық өтініш беру үшін көлік иесі мына талаптарды орындау керек:

- тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелу;
- Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы;
- мобильді азаматтар базасында (МАБ) тіркеудің болуы;
- автокөліктің және көлік құралының бұрынғы иесі туралы барлық қажетті мәліметтерді толтыру;
- тексеруге сұрау жіберу;
- көлік құралын тексеруден өткізу үшін Арнайы ХҚКО-ға электрондық кезекті брондау.

Қызмет көрсету нәтижесі eGov.kz пайдаланушысының жеке кабинетіне 15 минут ішінде Хабарлама ретінде жіберіледі немесе бас тарту туралы дәлелді жауап ретінде келеді.

Хабарламаны алғаннан кейін автомобиль иесіне автокөлікті тексеру, көлік құралын тіркеуден өткізу, 200 мың теңге мөлшерінде тіркеу алымын төлеу, мемлекеттік нөмір мен көлік құралының куәлігін алу үшін Арнайы ХҚКО жанындағы тексеру пункттеріне көлік құралын ұсыну қажет.

Жаңа сервис «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитеті мен ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ТАБИҒИ ГАЗДЫҢ ДА ҚАУІП КӨП!

Жылу беру маусымында да өрт оқиғасы мен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, 2023 жылдың басынан ауданымызда тұрғын үйде 1 өрт жағдайы тіркелді. Өрттің себебі тұрғын үйдегі электр желісінің қысқа тұйықталуынан орын алып отыр. Сондай-ақ, облысымызда үйлердегі жарылыстар жиілеп кетті. Сонымен, жыл басынан бері 3 факт тіркелді, атап айтқанда:

- Ағымдағы жылғы 20 қаңтар күні 23 сағат 07 минутта 112 құтқару қызметіне Ырғыз ауданы, Нұра ауылдық округі, Нұра ауылы, Жүргенов көшесіндегі жеке үйде өрт шығып жатқаны туралы ақпарат келіп түсті.

Шақырту орнына барған кезде жеке үй ішінде газ баллоны жарылып, салдарынан үйдің ішінде қабырғасы құлап, толықтай өртенді.Жалпы ауданы 168 ш.м. Өрт салдарынан 2 ер адам және әйел адам күйік алды. Зардап шегушілер Ырғыз аудандық орталық ауруханасына жатқызылды. Газ баллонының жарылу себебі газ баллонын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігінің бұзылуы.

- Ағымдағы жылғы 21 қаңтар күні 13 сағат 36 минутта Әйтеке би ауданында, Целинная көшесі бойында тұрғын үйде газ-ауа қоспасының (газ жүйесінде) жарылысы болды, жарылыс себебінен 120 ш.м. алаңда қабырға мен шатырдың құлауы анықталды, зардап шеккендер жоқ. Үйде 4 адам тұрды, оның ішінде бір бала;
- Ағымдағы жылғы 23 қаңтар күні 112 құтқару қызметіне 17 сағат 40 минутта Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылы, Ш.Қалдаяков көшесі, газ-ауа қоспасының (газ жүйесінде) жарылысы болды, нәтижесінде үйдің қабырғалары мен шатырын құлатқаны анықталды. Өрт оқиғасы орын алмады. Жарылыс салдарынан 4 адам зардап шекті. Зардап шеккендер облыстық көп салалы ауруханасына жеткізілді.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЦИКЛОХЕНАНЫҢ ЭКОЖҮЙЕГЕ ҚАУІП КӨП



Ойыл ауданының аумағында циклахена арамшөбі алғаш рет осыдан 7-9 жыл бұрын байқала бастады. Жыл сайын бұл шөптің өсу аумағы жайылып келеді. Оның зияндылығы соншалық, қасында басқа арамшөп еспейді. Өсімдіктерге жанасса қуарып, құрғақ шөпке тисе төрт түлікке уын шашады. Соның салдарынан малдың ауыруы әбден мүмкін. Ошаған жапырақты тал, циклахена – күрделігүлділер тұқымдасы, біржылдық кіндік тамырлы арамшөп. Жапырақтары сары – сояу жапырақтарына ұқсайтынына байланысты, ошаған жапырақты тал деп аталады, жапырақтары жағымсыз иісті. Шөптің тұқымы жер астында 10 жылға дейін сақталады. Биіктігі 50 - 200 см аралығында, жеке бау – бақшаларда, жолдың бойында өседі. Бірақ рудеральді арам шөптерге жатқасын – көбінесе бос, қарау-

Біздің ауданымызда да өртүрлі конструкциялы газ аспаптарымен жылытылатын тұрғын үйлер бар, осыған байланысты өрттердің алдын алу мақсатында газ аспаптары мен баллондарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын еске саламыз:

- тұрмыстық газ аспаптарын газбен жабдықтауға арналған газ баллондары (оның ішінде ас үй плиталары, су жылыту қазандықтары, газ колонкалары) ғимараттардан тыс жапсарлас құрылыстарда немесе жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда қабырғаның тұйық тұсында кіреберістен кемінде 5 м қаршықтықта ғимарат, коллекдық және жертөле қабаттары орналасады;
- балаларға және осы аспаптармен жұмыс істеу ережелерін білмейтін адамдарға газ аспаптарына жол бермеңіз;
- газ баллондарын гараждарда, пәтерлерде, балкондарда сақтамаңыз;
- газ баллондарын тек мамандандырылған пункттерде ғана толтырыңыз;
- пәтерді жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз;
- пәтерлерде газ плиталарын өзіңіз қоспаңыз және ажыратпаңыз;
- газ құрылғыларын қосу кезектілігін сақтаңыз;
- газ ағып кеткен кезде сіріңкені тұтатпаңыз, темекі шекпеңіз, жарық пен электр құралдарын қоспаңыз;
- иіс пайда болған кезде дереу газ қызметі мен өрт сөндіру күзетінің қызметкерлерін шақырыңыз. Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тума-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізуге байланысты сайлаушылар тізіміне енгізу немесе түзету енгізу, сайлау учаскелері орталықтарының орналасқан жерін нақтылау мәселелері бойынша

барлық қажетті кеңестер беретін Call-орталық Ойыл ауданы әкімдігінде жұмыс жасайтынын хабарлаймыз.

Call-орталықтың телефон нөмірі 8(71332)2-14-87.

Call-орталықтың жұмыс уақыты демалыссыз, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что в связи с проведением 19 марта 2023 года внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов Республики Казахстан, в акимате Уилского района функционирует Call-центр, где предоставляются все необходимые консультации по вопросам проверки граждан в списках избирателей, включения, либо корректировки в списках избирателей и уточнения местонахождения центров избирательных участков.

Номера телефона Call-центра 8(71332)2-14-87.

Время работыCall-центра без выходных, с 09.00 до 18.30 часов.

КӘСІПОРЫНДАР ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАРҒА ЗӘРҰ

Кадрларды даярлау "Атамекен" өңірлік кәсіпкерлер палатасы үшін басым міндеттер қатарында тұр. Палата хабарлағандай, ағымдағы жылдың 9 қаңтарынан 24 ақпанына дейін жұмыс берушілердің 2023-2025 жылдарға кадрларға қажеттілігін анықтау үшін облыс бойынша 2262 кәсіпорыннан сауалнама жүргізілу жоспарлануда. Бұл 1357 заңды тұлға және 905 жеке кәсіпорын. Бұл салалар мен аудандар бөлінісінде белсенді кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпорындардың 4,8% құрайды. Сауалнама Епбек порталында онлайн және қоңырау шалу арқылы форматта жүргізіледі.

"Атамекен" ҰҚП жұмыс берушілеріне сауалнама ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп жүргізеді.

Сауалнама мынадай блоктардан тұрады: кадрларға қажеттілікті талдау; қызметкерлердің ықтимал босатылуын бағалау; Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тарту және дуальды оқыту. Бұл экономикалық қызмет түрлері мен кәсіптер бойынша егжей-тегжейдің жоғары деңгейімен еңбек нарығының нақты қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді. «Өткен жылы облыстың 1493 кәсіпорнына сауалнама жүргізілді, түрлі қызмет салаларының мамандарына қажеттілік анықталды. Бизнестің кадрларға деген негізгі қажеттілігі орта буын мамандары мен жұмысшы біліктіліктері бойынша байқалады. Кәсіптер салалары бойынша ауыл шаруашылығы, білім беру, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі салаларында білімі бар қызметкерлер сұранысқа ие. Алдағы жылдарға арналған болжамдар бойынша орта және төмен білікті мамандықтар: тракторшы, жол монтері, тігінші, аспаз, күзетшілер және т. б. мамандар қажет", - деді ӨКП директоры Дана Бекбауова.

Сауалнама нәтижелері техникалық және кәсіптік, жоғары білім берудің және қысқа мерзімді оқытудың мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру үшін Білім беру және Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар асқармаларына жіберіледі. Бүгінгі таңда Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасында дуалды оқытудың Жол картасы аясында тәлімгерлік мектебі ұйымдастырылды, онда өртүрлі кәсіпорындардың 102 қызметкері оқытылды.

Бұдан басқа, Палата кәсіптік даярлау, біліктілікті арттыру және техникалық және қызмет көрсету еңбегі кәсіптері бойынша біліктілік беру жөніндегі оқу орталықтарының тізілімін жүргізеді. Оған кәсіпорындар жанындағы 20 оқу орталығы, 5 дербес оқу орталығы және 88 жұмысшы мамандығы бойынша 19 колледж кірді.


«Өткен жылы қысқа мерзімді оқыту бойынша 1004 адам бітірді. Мысалы, "Глобал-Спецодежда" ЖШС, "QazServiceGroup" ЖШС, "Азайа" ЖШС және т.б. оқу орталықтары жұмыс жасауда. Олар 1 айдан 6 айға дейінгі қысқа мерзімді бағдарламалар бойынша халықты жұмыспен қамту орталығы жіберген жұмысшы кадрларды өздері үшін дербес даярлау мүмкіндігіне ие. Осылайша, жұмыс берушілер кадрларды даярлау процесіне белсенді қатысады.

Меморандумдар жасалады, серіктестермен оқу жоспарлары келісіледі, кәсіпорындар кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қатысады. Жергілікті жерлерде өндірістік практикадан өту үшін жағдайлар жасалады», - деп толықтырды ӨКП адами капиталды дамыту бөлімінің бастығы Айнұр Баймұратова.

Өңір бизнесінің кадрларға қажеттілігі бойынша сауалнама нәтижелерімен кәсіпкерлер палатасы ақпан айының соңында бөліседі.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы Қантарбаев Тұрғали (18.03.1912ж – 18.01.1978ж)



Ардақты да аяулы асқар тау әкеміз ортамыздан кеткеніңізге 45 жылдан астам уақыт өтіпті. Амалдың жоғы, бірге түскен суретіңізге қарап, сағына да сарғая еске аламыз.

Асыл әкем – панам әрі қорғаным, Қай кезде де бізді қолдап, қорғадың. Енді, міне, жырақтасың біздерден, Осы жырды өзіңе арнап жолдадым. Жан әке! Шаңырақтың тірегі едің, Жан адамға жамандық тілемедін. Орны бар, ұрпағы бар жоғалмайды. Жан әкеміз енді бізге қайтып оралмайды.

Жақын бар, жанашыр бар шүкіршілік, Дегенмен дәл өзіңдей бола алмайды. Енді міне қимастықпен еске алып Бата тілеп, дұға қылдық, біз тұрып.
Еске алушылар: балалары

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1431 дана. Тапсырыс 145 Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смайұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы және нөмірден 400-400 телефонына хабарласуға болады.

СОЛ ЖЫЛ НАҒЫЗ – АҚ ҚОЯННЫҢ ҚЫСЫ ЕДІ...



Қазақтың жыл қайыруы бойынша әрбір он екінші жыл - Қоян жылы. Бұл жылдарды қыстың ауа райына қарай шаруаға қолайлы болған жылды, биыл қоңыр қоян жылы болды десе, ал қысы қарлы боранды, қардың жерге қалың түсіп, үскірік суығы мен қатты аязы кездескен жылды – Аққоян жылы болды, - деп естерінде ұзақ сақтап, сондай жыл болмаса екен – деп тілеген.

Аққоян жылдарының мал өсірген қазақ халқына тым қолайсыз болатындығы жәйлі әңгіме көп. Енді соның нақты басымыздан өткізген бір жылына тоқталайын.

Бұл 1963 жылдың аяқталар шағындағы 1964 жылы болғанды. Бұл жыл менің тетелестерімнің бәрінің есінде болуы керек-ті. Кеңес заманының дүрілдеп тұрған кезі. СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Н.С.Хрущевтің нұсқауымен Қазақстанда көптеген аудандар қысқартылып, біздің Ойыл ауданы Қобда ауданына қосылды. Еліміздегі көптеген колхоздардың экономикалық тиімділігі өте төмен деген желеумен біріне-бірі біріктіріліп (қосылып) кеңестік шаруашылықтарға (совхоздарға) айналдырылды.

Ондай кесепаты көп, шынайы ойластырылмаған ұйғарымнан біздің ауданда кенде қалған жоқ. Шаруалары барынша өркендеп, соғыс жылдарының алдында, одан кейін туып-өскен жастары жетіліп, енді ғана техника тұтқасына қолдары жетіп, шаруаның әр саласын игеріп, әр шаруаның өндірістік өнімін миллиондаған табысқа жеткізе бастағанда совхоз боласындар деген шешімге ұшырады.

Нақтылап айтсам, әр екі колхоздан біріктіріліп – Құрманов, “Жетікөл” және Берсеев атындағы совхоздар құрылды. Кейінірек бұрыннан бар “Саралжын”, “Қайынды” совхоздарының жері есебінен “Амангелді” атындағы совхоз пайда болды.

Қойшы Әйтеуір, бұрынғыға қарағанда өкімшілік басқару жағы өзгергенімен совхоздар бұрынғыдай мал өсірумен айналыса берді. Бұл жаңа құрылымға директор басшылық етеді, мамандар оның көмекшілері. Шаруаның қай саласын қалай жүргізуіне директор бұйрығы шығарылса, жұмыс солай бағытталады.

Советтік шаруашылықтар дегенімен қаржылай көмек жоқтың қасы. Керісінше мал өнімдерін неғұрлым көбірек мемлекетке тапсыру үдей түсті. Малды етке қоралап айдау жіледі. Ет комбинатына тасатырлан қай малдың еті болса да, вагон-вагонымен орталыққа (әріне Мәскеу жаққа) жөнелту тоқтамады.

Енді әңгіменің желісін Құрманов атындағы совхоз болып құрылған жылдың бастауында болған қоян жылына қарай ауыстырайын. Совхозда жігіт ағасына тамана бастаған, тәжірибелі мал таяманы – Нағым Рысжанов директор. Ал мен әскери соғыс-теңізі флоты сапынан, елге оралған шаруашылықтың бас зоотехнигімін. Мал маманы болу менің алғашқы білімім-ді.

Шаруашылықта малдың төрт түлігі түгел бар. Негізінен қойдың етті-майлы Еділбай тұқымы өсіріледі. Бұл негізгі бағыт болып қала берді. Сол жылдары басқа түліктерді былай қойғанда, қойдың саны төлімен тоқсан мыңнан асып жығылатын-ды. Отыздан астам отар-отар қой, табын-табын сиыр, орталықтан шалғай жатқан тебіндегі жылқыны қыстан аман шығарудың қамына ауыл адамдары тым-тәуір дайындалған-ды.

Ең бастысы совхоз көлеміндегі Ойыл өзенінің бойына салынған Тамдықөл платинасының дамба-

лары бойындағы шөбі мол участкалардың пішіні толықтай, бас бастарына үйіп алынған-ды.

Солай бола тұрса да келген қоян жылы қытымырлығын бірден сезіндірді. Күндіз-түні қар жауып, қалыңдай берді. Қалыңдай түсті деген жай сөз болып қалды. Атты бауырлататын, үзенгілікті қағатын жайға жетті. Қолда бар техника түгелдей тұралады. Малға жем тасу және мінетін көлігіміз ат шанамен жүруге ауысты. Қалың қар, үскірік суық желдің әсерінен малшы үйлері мен қораларын қар басты. Олардың есік, терезелерін қалың қар жауып қалды. Қора ішіндегі малды бір-екі тәулік қамалп ұстауға да тура келді.

Осындай кезеңдерде сырттан келетін ешқандай күш, немесе қол көмегі болмады. Директор мен мал мамандарының ұйғарымымен барлық механизаторлармен кеңсе қызметкерлерін, жас мұғалімдерді малды аққоянның қысынан аман алып шығару жұмыстарына жұмылдырылды. Олар бұл жауапкершілікті түсінді. Міне солардың ішінде мөхбригадирі Жұмаш Ерсарин, Берекет Артықбаев, Ойылхан, Желен Жалмұхановтар, Қорбан Қонаев, ағайынды Батырғалиевтардың қоғам малын сақтап қалудағы еңбектері ерекше болды. Шаруаның қай саласына жіберілсе де, жұмысты қолдай атқарып, асқан жауапкершілікпен іс істеді. Шаруашылық малшыларының сол қиын-қыстау кезеңдегі бел шеше кіріскен еңбектері көп уақытқа дейін ұмытылмайтын еді. Әсірелеп айтқандығым емес, қай малшының еңбегі де табиғаттың дүлей күшіне бетпе-бет тіке қарағандай болды.

Мал шаруашылығына өз тілектері мен комсомолдық жолдамамен келген жылқышылар Алпыс Мерекөв, Рысқали Оразғалиев, аға жылқышы Есіркеп Жиев, жас шопандар Жетпісбай Нысанбаев, Бекіш Ғалымов, Қоблан Асыпбаев, соғыс ардагерлері, аға шопан Сәркенай Дүйсеғалиев, Орынбасар Қашқынбаев т.б. ағайында Әбдікерей, Нәрегей сынды шопандар совхоз малын өз малындай күтіп-бағудың шеберлері атанды.

Көптеген малшылар мен шопандар Аққоян жылының қаһарлы қысына, күндіз-түні көз аштырмас, ақтүтек боранына қарсы күш-жігерлерін қарсы қойып, жасымалды, ұтымды еңбек етті. Сол жанқиярлықтай еңбектерінің нәтижесінде малдың ішінара шығыны болғанына қарамай, совхоз малы түгелдей қыстан шығарылды. Сол жылдың сәуір-мамыр айларында совхоз бойынша орта есеппен 100 саулықтан 115 қозы алынды. Аудан бойынша көптеген шопандар - озат шопан, үздік – малшы атақтарына ие болды.

Тағы бір айта кетерлік жай. Сол жылдары бұл ауылда Ұлы Отан соғысына қатысып, елге еңбекке араласқандары да баршылық еді. Қазір олардың біреуі де жоқ. Бәрі де марқұм болды. Аппасы алдынан жарылқасын, иманды болсын. Олардың ішінде соғыста тұтқын болған Ғалым Қосымбаев ақылды, тәжірибелі адам еді. Тұтқында көрген зәбірін, қорлығын еске алып, фашистердің зұлмат шырмауынан аман шығып, елге барып бір отар қойдың соңында жүріп өлсем еш арманым болмас еді деп тіледім – дегенді айтып отыратын. Тұтқындан босап, азып-тозып елге келіп, арман-тілегі орындалды. Колхоздың бір отар саулық қойын бағуға ие болды.

Еңбегім тәуір болса да, мені фашистің тұтқынынан шыққан деп еңбегімді Совет Үкіметі тәуірлердің санатына қоса қоймас деген ойға келіп, күтімдегі саулық қой отарын үлкен ұлы Бекіш

Ғалымовтың атағына аударып жазғызған. Айтқан ойы айдай келіп баласы Бекіш еңбектегі тәуір көрсеткіштері үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Фашистердің зұлмат қиянатын көріп, ағам айтқысыз қорлығын басынан өткерген қарттың бірі Бораш Майжанов болса, соғыста бір қолынан айырылса да, елге келіп еңбекке араласқан ағамыз Батырғали Абылзов болатын. Бұлардың бәрі де еңбекқор ақсақалдар еді. Кейінгі жастарға үлгі көрсетті. Жоғарыда жазғанымдай “екі тұтқын” сол жерде жүріп үйренген болулары керек, екеуі өзара немісше сөйлескендеріне де таңырқай қарайтынбыз. Шіркін сондай ағаларымыз-ай!

Аққоян қысы ел адамдарын түгел оятқандай болды. Соғысқа қатысқан жанның бірі – Исағали Өмірғалиев ағамыздың жылқы десе жаны бөлек адам еді. Бір күні маған, інім, не ойлап жүрсің? Мал десе бәрімізде жауаптымыз. Сенің жауапкершілігің, міндетің бәрімізден де жоғары. Себебі сен осы совхоздың бас мал маманысың – деп маған ескерте қараған-ды. Аға бәрін де түсінем. Айтар ойыңызды ашық айтқаның дұрыс болар, - еді деп қарсы сұрақ қойдым.

Айтсам, - деді ағамыз көп ойланбастан. Ойдағы мал өлмейді, жем-шөбі жеткілікті, адам күші де бар. Анау алыс тебіндегі жылқыны жайы қалай? Менің естүімше, мына аққоян қысында бәрін қырып алуларың мүмкін – дегенді. Осы хабарды есті сала, хабар айтқан жылқышыны дереу директорға шақырттым да, өзім де бірге кірдім. Жағдайды естіген шаруа бастығы, маған тіке қарап, өзің басқарып, ауылдағы екі әскери тягачқа трактор шанасын тіркеп, көп қылып шөп тиеп алып, бірден “Қамыскөл” қыстағындағы жылқы ауылға тарт. Қасыңа үш-төрт адам ал. Сол барған жолдарыңмен шөпті шаша отырып, барлық жылқыны ойдағы мал қыстақтарын жеткізудің шарасын алуды тапсырды. Басшы айтты, ол бұйрық. Жедел орындауға кірістік. Аққоянның бет қаритын үскірік аязы мен қиялай соққан боранына қарамастан, үш-төрт күн дегенде жылқы табынын ойға түсірдік. Ауылдың бір топ жұмысшылары қарсы алып, жылқыға қамалап шөп шашып қойған екен. Ал енді бір қызығы сол қаумадағы шөпке құлынды биелер мен сақа жылқылар барып жатса, жүген-құйрық тимеген бесті асаулар маңайласпайды. Сөйтіп тұрып қалжырап құлайды да, басын бір-екі тоңға соғып өле беретінін көзіміз көрді. Сөйтіп осындай дереу ұйымдастырылған шаралардың арқасында жылқы табынының негізгі басын аман сақтасақ та, ішінара шығын болғаны да жасырын емес-ті.

Міне содан бері алпыс жылдай уақыт өтсе де сол жылғы Аққоян қысының салған әлегін есте ұзақ сақтауға тура келді.

Естіп жатамыз, бұл қоян қысының бүліншілігі тек біздің шаруашылықта, біздің Ойыл өңірінде ғана емес, бүкіл ел аумағындағы «әрекеті» еді. Қатал қыстың боланын біле тұрса да, дайындығы ойдағыдай болмаған көптеген совхоздар мал шығынына жол бергенін (естіп жатамыз) білеміз. Жасыратын несі бар, көршілес “Жетікөл” совхозының біраз шопандары тағын ұстап қалған-ды. Оның себебі жазда шапқан пішенді баз басына тасып үймей, қыс түссе де аламыз ғой деп шөмеле-шөмеле күйінде шабындық жерлерінде қалдыра берген. Оған аққоян қысы мүмкіндік бермей, қалың қар басып қалған. Ақ баспа боран басқан, сол шөмелелерді таба да алмаған. Жем-шөбі жеткізілмеген мал жүдеушілікке ұшырап, басқақ ауруына шалдығып өле берген. Қайран жұртым қазағым “қыстың қамын жаз ойла” – деп бекер айтты дейсің бе?

Алдағы жыл - қоян жылы. Биыл да қантар айы басталысымен қары мен аязын ала келгенін білеміз. Қазір малдың бары жеке қожалықтардың қолында. Бұрынғы 1964 жылдың Аққоян жылындағы қапылыс пен қарбала болса қоймасын тіпелейміз. Сондықтан, қамданған қай қалмайды деген тағы бар...

Арыстан АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
ардагер журналист,
Ұлы Отан соғысының тыл майданына қатысушы.

ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫСТАР АЛДА ДА ЖАЛҒАСАДЫ

Өткен сәрсенбі күні аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ш.Берсиев атындағы округке қарасты Қарасу, Қаратал, Құмжарған ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Алдымен ауыл әкімі Нұрлыбек Шауменов тұрғындарға округ аумағында өткен жылы атқарылған жұмыстарды баяндап, алдағы міндеттерді жеткізсе, аудан әкімі Асқар Қазыбаев негізінен биылғы жылы атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Аудан басшысы ауыларалық жолдар мен елді-мекендерге ауыз су, әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайту мәсе-

лелері, ұялы байланыспен қамту, типтік үлгідегі спорт алаңдарын салу, газ құбырын тарту сияқты ауқымды жұмыстар биыл да үлкен көлемде атқарылғалы отырғандығын мәлім етті. Соның бірі биыл Қараталға құны 262,7млн. теңге тұратын спорт зал ғимаратының жұмыстары басталды. Ал Қарасуда халық игілігіне берілген ауыз су ішуге жарамсыз болып тұр. Себебі суды тазалау құрылғысы іске жарағанымен құм аралас су өзiрге тұтынұға мүлдем келмейді. Жер аяғы кеңі салысымен бұл мәселені шешуге болатынын жеткізді. Аудан басшысы

Құмжарғанның кіре беріс 3 шақырым жол бойынша осы жылы орташа жөндеу басталатынын айта келе, ауыл тұрғындарынан үйлердің сыртқы қасбетін әктеу, сырлау жұмыстарына баса мән беріп, тұрғындарды тазалықты сақтауға, сондай-ақ ауылдағы жұмыссыздық мәселесін жою үшін тұрғындарды мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға шақырды. Кездесуден соң, аудан басшысы үш ауылда да тұрғындарды жеке сауалдарымен қабылдады.

Г.АБАЙҚЫЗЫ,
Ойыл-Қарасу-Қаратал-Құмжарған-Ойыл.

ШӘМШІ ӘНДЕРІ ҚАЛЫҚТАҒАН КЕШ

Ұлы сазгер, ұрпағына мәңгілік мұра, өлмейтін ән қалдырған Шәмші есімі ел есінде сақталады. Ұлтымыздың ұлы композиторы Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Қазақ вальсінің королі» атты аудан өнерпаздарының концерті өтті. Концерт шымылдығы Шәмші ағамыздың өмір жолына арналған бейнебаянмен түріліп, өмірінен үзінді көріністермен жалғасты. «Бақыт құшағында», «Арқалықтың ақ таңы», «Ақ ерке, ақ жайық», «Кешікпей келем деп ең», «Ана туралы жыр», «Дүнген қыз» т.б әндері шырқалды. Ана сүтімен дарыған айрықша өнер иесінің әндерін жатқа білмейтін жан жоқ. Концертке келген көрермендердің Шәмші әндерін сағынғаны анық байқалады. Аудан тұрғындары ән падишасының әуезді әндерін қосыла шырқап, бір жасап қалды. Концерт барысында ұйымдастырылған Шәмші әндерінен жасырылған әуендерді тапқан көрермендерге сыйлықтар берілді.



ЖАС АРХЕОЛОГТАР МАРАПАТТАЛДЫ

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ Ш.БЕКМҰХАМБЕТОВА АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ МЕН ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНЕ БАРЫП ҚАЙТТЫ. МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АЛДЫМЕН Ш.БЕКМҰХАМБЕТОВА АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНДА «ЖАС АРХЕОЛОГ» ҮЙІРМЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСІП, ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Бұл үйірме Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі мен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия арасындағы екiжақты меморандумға сәйкес 2016 жылы құрылып, бүгінгі таңда жүйелі түрде жұмыс жасап келеді. Үйірме

ашуға аталған мектеп басшысы Роза Ұлықпанованың бастамасы түрткі болды. Бұл еліміздегі облыстар арасындағы оқушылармен жұмыс жасайтын бірден-бір үйірме екенін ерекше айта кеткен жөн.

Облыстық тарихи-өлкетану му-

зейі директорының орынбасары Мәдет Құлмұханов үйірме оқушыларына өлкеміздің археология саласының дамуына өз үлесін қосып, жыл сайын музей жанынан ұйымдастырылатын археологиялық қазба жұмыстарында белсенділік танытқандары үшін және білім ұяларының басшыларына екіжақты әріптестік-ынтымақтастық, іскерлік байланыстың одан әрі нығаюына қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

Облыстық тарихи-өлкетану музейдің бөлім меңгерушісі Бекнар Есіркепов пен қор бөлімінің мұрағатшысы Баубек Мелисов «Жас археолог» үйірмесінің оқушылары мен мектеп басшыларына музей директорының Алғыс хаттарын табыстады. Мектеп ұжымдары өздеріне көрсетілген құрметтері үшін алғыстарын айтты.

Сондай-ақ музей қызметкерлері Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінде болып, оның басшысы Балқия Рысбаеваға да Алғыс хат табыстаты. Балқия Рысбаева әріптестеріне ризашылығын білдіріп, шығармашылық табыстар тіледі.

«АРТ-БОЯУ» ҮЙІРМЕСІНІҢ КӨРМЕСІ ТАБИҒАТ БАЛАЛАРДЫҢ КӨЗІМЕН



Жуырда Ойыл аудандық оқушылар үйінің Әйгерім Бисембина жетекшілік ететін «Арт-Бояу» үйірмесі «Қысқы вернисаж» көрмесін өткізді.

Үйірме мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, балалардың қызығушылықтарын арттыру, ой-қиялдарын дамытуды көздеген көрмені тамашалауға үйірмеге қатысатын балалардың ата-аналары шақырылды. Айналаны, қоршаған ортаны бақылау арқылы қыс мезгілінің көз тоймас қызықтарын, табиғаттың әсемділігін көріп қана қоймай, тамаша көріністеріне қамқорлықпен қарау сияқты адамгершілік дағдыларын қалыптастыру үшін шара соңында көрмеге белсене қатысқан оқушылар марапатталды.